

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының
шаруашылық жүргізу құқығындағы «Сарыағаш аудандық
орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдаудың
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМАСЫ

Сарыағаш қаласы

13 тамыз 2025 жыл.

Кіріспе бөлім:

**1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау
(бұдан әрі – Ішкі талдау) жүргізуге негіздемелер:**

- Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы.

- Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2023 жылғы 16 ақпандағы №21 бұйрығы.

- Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №488 санды бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар».

- Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі - *Кәсіпорын*) басшысының 2025 жылғы 25 маусымдағы «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» №377н/қ бұйрығы.

2. Ішкі талдау жүргізу объектісі:

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі - *Кәсіпорын*) мен оның барлық құрылымдық бөлімшелері.

3. Ішкі талдау жүргізген жұмысшы топ мүшелері:

Кәсіпорын басшысының 25 маусым 2025 жылғы №377н/қ бұйрығымен құрылған (1-қосымша) құрамында:

- Басшының экономика және әкімшілік шаруашылық қамтамасыз ету жөніндегі орынбасары – Г.У.Низамова (*топ жетекшісі*)
- Басшының емдеу ісі жөніндегі орынбасары – К.М.Туманов (*топ мүшесі*)
- Басшының медицина сапасын бақылау ісі жөніндегі орынбасары – Д.Т.Әліпбаев (*топ мүшесі*)
- Емхана меңгерушісі – С.С.Усипбеков (*топ мүшесі*)
- Бас медбике – Г.С.Алиева (*топ мүшесі*)
- Мамандар бөлімінің басшысы – Ж.Ж.Алманова (*топ мүшесі*)
- Заңгер (комплаенс-офицер қызметі жүктелген) – Н.Ә.Садырбай (*топ мүшесі*)

4. Ішкі талдау жүргізу мерзімі:

2025 жылдың 2 шілде – 13 тамыз айлары аралығы.

5. Ішкі талдау қамтылған кезең:

2024 жыл – 2025 жылдың 13 тамыз айы аралығы.

6. Кәсіпорынға қатысты:

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі - *Кәсіпорын*) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

Кәсіпорынның құрылтайшысы Түркістан облысының әкімдігі болып табылады, Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын Құрылтайшы жүзеге асырады.

Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

Кәсіпорын қызметінің мәні денсаулық сақтау саласында өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру ал, мақсаты амбулаториялық-емханалық, стационарлық, стационарды алмастыратын көмек және консультативті-диагностикалық қызмет көрсету болып табылады.

Қойылған мақсаттарды іске асыру үшін Кәсіпорын медициналық және дәрігерлік қызметке берілген мемлекеттік лицензияға сәйкес қызмет түрлерін жүзеге асырады.

Кәсіпорын өз қызметін Жарғыға және қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітілген ішкі ережелерге сәйкес іске асырады.

Кәсіпорын атауы: Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

Орналасқан жері: Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қаласы, С.Исмайлов көшесі, №115 А үй, пошталық индекс - 160900.

Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаты денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыру болғандықтан, азаматтарға тікелей мемлекеттік қызметтер көрсетуді жүзеге асырмайды.

Сондай-ақ, рұқсат беру және бақылау-тексеру функцияларын жүргізбейді.

7. Ішкі талдау жүргізу барысында шектеу немесе кедергі жасау:

Ішкі талдау жүргізу барысында Кәсіпорын басшылығы мен қызметкерлері тарапынан шектеу немесе кедергі жасау деректері орын алмады.

8. Ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1) Кәсіпорынның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2) Кәсіпорынның ұйымдастыру-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сипаттама бөлім:

9. Кәсіпорынның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Бақылау кеңесінің 04.02.2019 жылғы №1 санды шешімімен Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы

«Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының ішкі нормативтік құжаттарының классификаторы бекітілген.

Онда;

- Заңдылық пен Жарлықтың талаптарына сәйкес Түркістан облысының денсаулық сақтау Басқармасымен бекітілген ішкі нормативтік құжаттар.

- Заңдылық пен Жарлықтың талаптарына сәйкес Бақылау кеңесімен бекітілген ішкі нормативтік құжаттар.

- Заңдылық пен Жарлықтың талаптарына сәйкес бірінші басшымен бекітілген ішкі нормативтік құжаттар айқындалған.

Кәсіпорында шығарылған бұйрық, анықтама, акт, хат рәсімдеулері Түркістан облысы әкімдігінің жанындағы сараптау-тексеру комиссиясының 02.09.2019 жылғы №6 хаттамасымен бекітілген Істер-наменклатурасына сәйкес жүргізіліп отырады.

Яғни, Кәсіпорын өз қызметін тиісті Жарғыға, бекітілген ішкі нормативтік құжаттардың классификаторына және қолданыстағы заңнамалар негізінде бекітілген ішкі ережелерге сәйкес жүзеге асырады.

Ішкі талдау барысында Кәсіпорынның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар анықталмады.

10. Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

1) Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау:

Кәсіпорын басшылығымен 2024 жылы барлығы 3107, оның ішінде жеке құрам бойынша 2490, негізгі қызмет бойынша 617 бұйрықтар шығарылған.

Кәсіпорынның 2024 жылғы штаттық бірлігінің саны – 2455 (оның ішінде; 437,25 – дәрігер, 1286,5 – орта буын, 372,75 – кіші буын және 358,5 – басқалар).

2024 жылы жұмыс істеген жалпы қызметкерлер саны – 2481 (оның ішінде; дәрігерлер – 350, орта буын – 1426, кіші буын – 369, басқалар 336).

Кәсіпорынға 2024 жылы жұмысқа қабылданған қызметкерлер саны – 188 (оның ішінде; дәрігерлер – 22, орта буын – 77, кіші буын – 49, басқалар 40).

Осы мерзімде жұмыстан босаған қызметкерлердің саны – 161. Оның ішінде; -дәрігерлер – 30 (өз еркімен – 30).

-орта буын – 62 (өз еркімен – 52, зейнетке шыққандар – 8, қайтыс болғандар – 2).

-кіші буын – 36 (өз еркімен – 30, зейнетке шыққандар – 4, қайтыс болғандар – 2).

-басқалар – 33 (өз еркімен – 32, зейнетке шыққандар – 1).

2024 жылы ішкі ауысулардың жалпы саны – 240 (оның ішінде; дәрігерлер – 47, орта буын – 153, (көтермеленген–5), кіші буын – 28, басқалар – 12 (көтермеленген – 2).

Марапаттау жайлы бұйрықтар саны - 7.

Марапатталған адамдар саны – 356 оның ішінде;

дәрігерлер – 67, орта буын – 153, кіші буын – 56, басқалар – 80.

Жазлау жайлы бұйрықтар саны 164. Оның ішінде;

-дәрігерлер – 135 (ескерту – 43, сөгіс – 79, қатаң сөгіс - 13).

-орта буын – 114 (ескерту – 25, сөгіс – 81, қатаң сөгіс – 8).

-кіші буын – 2 (сөгіс - 2), - басқалар – 11 (ескерту – 6, сөгіс - 5).

Ал, 2025 жылдың өткен 7 айында барлығы 1937, оның ішінде жеке құрам бойынша 1510, негізгі қызмет бойынша 427 бұйрықтар қабылданған.

Кәсіпорынның 2025 жылғы штаттық бірлігінің саны – 2462 (оның ішінде; 431,75 – дәрігер, 1294 – орта буын, 371,75 – кіші буын және 364,5 – басқалар).

2025 жылдың 7 айда жұмыс істеген жалпы қызметкерлер саны – 2464 (оның ішінде; дәрігерлер – 332, орта буын – 1421, кіші буын – 367, басқалар 344).

Кәсіпорынға 2025 жылдың 7 айында жұмысқа қабылданған қызметкерлер саны – 94 (оның ішінде; дәрігерлер – 13, орта буын – 43, кіші буын – 19, басқалар – 19).

Осы мерзімде жұмыстан босаған қызметкерлердің саны – 113. Оның ішінде; -дәрігерлер – 15 (өз еркімен – 15).

-орта буын – 55 (өз еркімен – 53, қайтыс болғандар -2).

-кіші буын – 21 (өз еркімен – 21).

-басқалар – 22 (өз еркімен – 22).

2025 жылдың 7 айында ішкі ауысулардың саны – 122.

(оның ішінде; дәрігерлер – 24, орта буын – 73, кіші буын – 15, басқалар – 10).

Марапаттау жайлы бұйрықтар саны - 2.

Марапатталған адамдар саны – 223 оның ішінде;

дәрігерлер – 35, орта буын – 168, кіші буын – 11, басқалар – 9.

Жазалау жайлы бұйрықтар саны 107. Оның ішінде;

-дәрігерлер – 108 (ескерту – 56, сөгіс – 36, қатаң сөгіс – 16).

-орта буын – 63 (ескерту – 21, сөгіс – 31, қатаң сөгіс – 11).

-кіші буын – 3 (ескерту – 1, сөгіс -2), -басқалар – 4 (ескерту – 3, сөгіс – 1).

Ішкі талдаумен қамтылған мерзімдерде қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, жұмыстан босату, ішкі лауазымдық ауысулар кезіндегі құқық бұзушылықтар мен сыбайлас жемқорлықтың белгілері анықталмады және жұмыс берушінің бастамасымен еңбек шартын бұзу жағдайлары болмаған.

Бұрын сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылық жасаған немесе қылмыстық іс бойынша жазаға тартылған азаматтарды жұмысқа қабылдау деректері болмаған, себебі жұмысқа қабылдау барысында үміткерлерден бұрын сотты болмағаны/болғаны туралы тиісті анықтама тапсыруы талап етілген.

Ішкі талдаумен қамтылған мерзімде Кәсіпорынның мамандар бөлімі қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне байланысты арыз-шағымдар тіркелмеген және еңбек қатынастарынан туындаған дауларға қатысты азаматтық істер болмаған.

Осы мерзімде мамандар бөлімінің қызметінде (ішкі бастамамен, жоғары тұрған немесе басқа мемлекеттік органдармен) тексерулер жүргізілмеген.

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының (бұрынғы – Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасы) 09.01.2023 жылғы №24-10-04/1906 шығыс хатына сәйкес, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау және алдын алу мақсатында Кәсіпорында орта буын медицина персоналын (мейірбике, фельдшер, акушер, зертханашы) іріктеу және жұмысқа қабылдау процестері қолданыстағы еңбек заңнамасының талаптары сақтала отырып автоматтандырылған «Jumus SmartNation» порталы арқылы жүзеге асырылып келген.

Дегенмен, Кәсіпорында жұмыс барысында ҚР Еңбек кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) талаптары сақталмай, қабылданған бұйрықтарда негіздемелер дұрыс көрсетілмейтіні және қызметкерлер қабылданған бұйрықтармен тек ішінара таныстырылғаны анықталды.

Мысалы, тәжірибеде жұмыскерді өз өтініші бойынша жұмыстан босату кезінде Кодексінің 50-бабы 1-бөлігі негізге алынып, бұйрықтар қабылданған.

Алайда, Кодекстің 50-бабы 2-тармағы талабына сәйкес, яғни жұмыскердің жұмыстан шығатыны туралы жазбаша хабарламасы мен жұмыс берушімен қабылданған шешім туралы жазбаша нысандағы хабарлама берілмеген.

Одан бөлек, тәртіптік жаза қолдану кезінде Кодекстің 65-бабы 2-тармағына сай жұмыскерден жазбаша түсініктеме талап ету үшін, оған жасалған тәртіптік теріс қылық дерегі бойынша түсініктеме беру туралы жазбаша нысанда рәсімделген талап тапсырылмаған.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда Кәсіпорында ағымдағы жылы ҚР Әлеуметтік кодексінде белгіленген зейнеткерлік жасына толатын 32 және зейнеткерлікке шығып, алайда еңбек шарттары ұзартылған 41 қызметкерлер жұмыс жасайды.

Ұсыныс: Персоналды басқару бағыты бойынша:

- ҚР Еңбек кодексінің және еңбек қатынастарынан туындайтын (еңбек, ұжымдық шарт) қолданыстағы заңнамалық актілердің нормаларын сақтауды;

- қабылданатын бұйрықтарда негіздемелерді дұрыс көрсетуді;

- қызметкерлерді қабылданған бұйрықтармен уақтылы таныстыруды.

- Кәсіпорында ҚР Әлеуметтік кодексінде белгіленген зейнеткерлік жасына толатын қызметкерлерге Еңбек кодексінің 53-бабы 9-тармағының талаптарына сәйкес тиісті жазбаша хабарламаның уақтылы берілуін қамтамасыз етуді және зейнеткерлікке шығып, еңбек шарттары ұзартылған қызметкерлерге нақты саралау жүргізіп, түпкілікті шешімдер қабылдауды.

Жалпы алғанда, Кәсіпорында штаттық бірліктің саны (2462 бірлік) яғни, жұмысқа қабылданатындар мен босатылатындар саны өте көп, бұл өз кезегінде жұмысқа қабылдау, босату, ауыстыру және тәртіптік жазаларды қолдану барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелінің өте жоғары екендігін көрсетеді.

Сондықтан, Кәсіпорында «мамандар бөлімінің басшысы» лауазымын сыбайлас жемқорлық тәуекеліне шалдыққан лауазым тізбесінде айқындауды.

2) Мүдделер қақтығысын реттеу:

Кәсіпорын қызметіне зиян келтіруі мүмкін болатын мүдделер қақтығысына байланысты бір бағынысты қызметте жақын туыстары, ерлі-зайыптылар арасында бірге жұмыс атқару жағдайлары анықталмады.

3) Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу:

Түркістан облысы әкімдігінің 24.04.2023 жылғы №67 Қаулысымен (33 қосымша) Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының Жарғысы бекітілген (03.05.2023 жылы заңды тұлғаға мемлекеттік қайта тіркеу жүргізілген №01-1959-12-НАО).

Кәсіпорын денсаулық сақтау саласындағы ұйым болғандықтан негізгі қаржыландыру көзі «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ арқылы қаржыландырылады. Сонымен бірге, Жарғының 7-тарауы (Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру) 40-тармағында Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сай қаржыландырылады.

4) Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу:

Кәсіпорынмен 2024 жылы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) талаптарына сәйкес мемлекеттік

сатып алулар бойынша жалпы 2 742 497,38 мың теңгеге барлығы 449 келісім шарттар түзілген.

Ал, 2025 жылдың 7 айында Заңның талаптарына сәйкес мемлекеттік сатып алулар бойынша жалпы 898 751,22 мың теңгеге барлығы 257 келісім шарттар түзілген.

2025 жылдың өткен мерзімінде Кәсіпорынмен Заңның талаптарына сәйкес мемлекеттік сатып алулар кезінде заң бұзушылықтарға жол берілмеген болса, 2024 жылы бұл бағыт бойынша 1 заң бұзушылық анықталған.

Атап айтқанда, аудандық прокуратурамен Кәсіпорында ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» және «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңдары және осы бағыттағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарының сақталуына талдау жүргізіліп, рұқсаттарды талап етпеу дерегі анықталған.

Кәсіпорынмен 26.04.2024 жылы Сарыағаш қаласы, Исмаилов көшесі, №115А орналасқан мекенжайға (аудандық орталық ауруханаға) күштік трансформатор орнатумен жұмыстарын мемлекеттік сатып алудың «Баға ұсыныстарын сұрату» тәсілімен 6 550 000 теңгеге №12264559-1 мемлекеттік сатып алу жарияланған.

Қазақстан Республикасы «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңы 1-қосымшасына сай, трансформатор орнату жұмыстарына «Баға ұсыныстарын сұрату» тәсілі арқылы жарияланған №12264559-1 лоттың техникалық ерекшелігін және басқа да талап етілген құжаттарын зерделеу барысында мемлекеттік сатып алуға қатысушыларға рұқсат лицензиясы талап етілмегені анықталған.

Яғни, 26.04.2024 жылғы №12264559-1 баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жарияланған мемлекеттік сатып алу рәсімінде Заң нормалары бұзыла отырып жарияланғаны анықталған.

Аталған заң бұзушылық бойынша аудан прокуратурасымен 03.05.2024 жылы ұсыну ықпал ету актісі енгізіліп, қаралу нәтижесімен Кәсіпорын басшының 06.05.2024 жылғы №310нқ санды бұйрығымен мемлекеттік сатып алу есепшісі Е.Рысбековке «Ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолданылған.

Ұсыныс: Кәсіпорынмен мемлекеттік сатып алулар жүргізу және жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу барысында ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» және осы бағыттағы басқа да мәселелерді реттейтін нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтауды.

Жалпы алғанда, Кәсіпорынмен ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының талаптарына сәйкес мемлекеттік сатып алулар өткізудің саны мен қаражат көлемі айтарлықтай жоғары.

Бұл жағдай, өз кезегінде жеңімпаздармен шарттар жасасу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелінің өте жоғары екендігін көрсетеді.

Сондықтан, Кәсіпорынның «мемлекеттік сатып алу есепшісі» лауазымын сыбайлас жемқорлық тәуекеліне шалдыққан лауазым тізбесінде айқындауды.

5) Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану:

Байқау кеңесінің 04.02.2019 жылғы №1 хаттамалық шешімімен (қосымша №4) «Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу

құқығындағы «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының Ақпараттық саясаты» бекітілген.

Кәсіпорынның ақпараттық саясаты ҚР заңдылықтарына, Жарлықтары мен Кәсіпорынның корпоративті басқару кодексіне сәйкес жасалған.

Ақпараттық саясат Кәсіпорынның қызметі жайлы ақпаратты таратудың негізгі қағидалары мен жалпы талаптарын анықтайды, яғни Кәсіпорынның қызметіне қызығушылық танытқан тұлғаларға және қызметтік, коммерциялық заңдылықтармен қорғалатын Кәсіпорынның құпияларынан құралатын ақпараттарды сақтай отырып, Кәсіпорын қызметінің тиімділігін жоғарылатуға және жағымды имидж құруға көмектеседі.

б) Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер:

Арыз-шағымдар бойынша:

Кәсіпорын басшысының 04.01.2024 жылғы №10нқ санды «СаП-орталыққа жауапты маманды бекіту туралы» бұйрығымен «СаП-орталық» нақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету маман С.Аширбаевқа жүктелген.

Сонымен қатар, 18.01.2024 жылғы №120нқ санды «Жауапкершілікті жүктеу туралы» бұйрығымен Кәсіпорынға түскен арыз шағымдарды автоматты түрде тіркеп, есепке алып отыратын «Е-өтініш» бағдарламасынан түскен арыз шағымдарды таныстырып, орындауға жолдау жауапкершіліктері:

- емхана бөлімінің сарапшы маманы С.Аширбаевқа;
- әкімшілік бөлімінің программисті К.Нурдавлетовке жүктелген.

Одан бөлек, 27.02.2024 жылғы №398жқ «Ауыстыру туралы» бұйрықпен «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» МКК-ның емхана бөлімінің дәрігер рентгенологы Б.Аталов медстатист бөлімінің меңгерушісі қызметіне 01.03.2024 жылдан бастап ауыстырылған.

2024 жылы Кәсіпорынға қатысты барлығы 262 арыз-шағымдар түскен.

Оның ішінде: Кәсіпорынға тікелей барлығы 43 арыз-шағым (33-жазбаша, 10-ауызша) түскен, «Е-өтініш» электронды порталы арқылы түскен 56, ҚР ДСМжФБК Түркістан облысы бойынша Департаментіне тіркелгені 8.

Ал, ТО ДСБ «CaLL center 1305» орталығына 121 және ӘМСҚ КЕАҚ Түркістан облысы бойынша филиалының «CaLL center 1414-(1406)» орталығына 90 жүгінулер тіркелген.

Олардың қаралу нәтижелерімен 257 шағымдар бойынша көрсетілген уәждері өз негіздерін таппаған болса, 5 шағым бойынша уәждері негізді болып, 3 қызметкерлер (2-дәрігер, 1-мейірбике) тәртіптік жауапкершіліктерге тартылған.

Ал, 2025 жылдың 7 айында барлығы 224 арыз-шағымдар түскен.

Оның ішінде: Кәсіпорынға тікелей барлығы 20 арыз-шағым (16 - жазбаша, 4-ауызша) түскен, «Е-өтініш» электронды порталы арқылы түскен 75, ҚР ДСМжФБК Түркістан облысы бойынша Департаментіне тіркелгені 2.

Ал, ТО ДСБ «CaLL center 1305» орталығына 99 және ӘМСҚ КЕАҚ Түркістан облысы бойынша филиалының «CaLLcenter1414-(1406)» орталығына 28 жүгінулер тіркелген.

Олардың қаралу нәтижелерімен 223 шағымдар бойынша көрсетілген уәждері өз негіздерін таппаған болса, 1 шағым бойынша уәждері негізді болып, 1 дәрігер «сөгіс» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

Ұсыныс: Кәсіпорынға жеке және заңды тұлға өкілдерінен келіп түскен жолданымдардың, хабарламалардың, сұрау салулардың, пікірлердің, ұсыныстардың уақтылы есепке алынуын, олардың мерзімінде қаралуын және тиісті жауаптар берілуін ҚР Бас Прокурорының 04.01.2023 жылғы №4 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғаларға келіп түсетін жолданымдарды тіркеу, есепке алу, сондай-ақ «Электрондық жолданымдар» ақпараттық-талдау жүйесін жүргізу» Қағиданың талаптарына сай қамтамасыз етуді.

Қорытынды бөлім:

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген **ішкі талдаудың қорытындысы бойынша ұсынады:**

1. Персоналды басқару бағыты бойынша:

- ҚР Еңбек кодексінің және еңбек қатынастарынан туындайтын (еңбек, ұжымдық шарт) қолданыстағы заңнамалық актілердің нормаларын сақтауды;
- қабылданатын бұйрықтарда негіздемелерді дұрыс көрсетуді;
- қызметкерлерді қабылданған бұйрықтармен уақтылы таныстыруды.
- Кәсіпорында ҚР Әлеуметтік кодексінде белгіленген зейнеткерлік жасына толатын қызметкерлерге Еңбек кодексінің 53-бабы 9-тармағының талаптарына сәйкес тиісті хабарламаның уақтылы берілуін қамтамасыз етуді және зейнеткерлікке шығып, еңбек шарттары ұзартылған қызметкерлерге нақты саралау жүргізіп, түпкілікті шешімдер қабылдауды.

Жалпы, Кәсіпорынның штаттық бірлік саны көп (2462 бірлік) яғни, жұмысқа қабылданатындар мен босатылатындар саны өте көп болуы, бұл өз кезегінде жұмысқа қабылдау, босату, ауыстыру және тәртіптік жазаларды қолдану барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелінің өте жоғары екендігін көрсетеді.

Сондықтан, Кәсіпорында «мамандар бөлімінің басшысы» лауазымын сыбайлас жемқорлық тәуекеліне шалдыққан лауазым тізбесінде айқындауды.

2. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу бағыты бойынша:

Кәсіпорынмен мемлекеттік сатып алулар жүргізу және жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу барысында ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» және осы бағыттағы басқа да мәселелерді реттейтін нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтауды.

Жалпы, Кәсіпорынмен Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының талаптарына сәйкес мемлекеттік сатып алулар өткізудің саны мен қаражат көлемі айтарлықтай жоғары.

Бұл жағдай, өз кезегінде жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелінің өте жоғары екендігін көрсетеді.

Сондықтан, Кәсіпорынның «мемлекеттік сатып алу есепшісі» лауазымын сыбайлас жемқорлық тәуекеліне шалдыққан лауазым тізбесінде айқындауды.

3. Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер:

Арыз-шағымдар бойынша:

Кәсіпорын басшысының бұйрықтарымен осы бағыттағы қызметтік жауапкершіліктер жүктелген қызметкерлерден Кәсіпорынға жеке және заңды тұлға өкілдерінен келіп түскен жолданымдардың, хабарламалардың, сұрау салулардың, пікірлердің, ұсыныс-тардың уақтылы есепке алынуын, олардың мерзімінде қаралуын және тиісті жауаптар берілуін ҚР Бас Прокурорының 04.01.2023 жылғы №4 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғаларға келіп түсетін жолданымдарды тіркеу, есепке алу, сондай-ақ «Электрондық жолданымдар» ақпараттық-талдау жүйесін жүргізу» Қағиданың талаптарына сай қамтамасыз етулерін талап етуді.

4. Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы және қолданыстағы тағы басқа да заңнамалық актілердің талаптарын сақтау, олардың бұзылуына жол бермеу мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізуді.

5. Осы Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдаудың талдамалық анықтамасын қол қою үшін басшыға ұсынды.

Жұмысшы топ жетекшісі:

Басшының экономика және
әкімшілік шаруашылық қамтамасыз
ету жөніндегі орынбасары

Г.У.Низамова

Жұмысшы топ мүшелері:

Басшының емдеу ісі
жөніндегі орынбасары

К.М.Туманов

Басшының медицина сапасын бақылау
ісі жөніндегі орынбасары

Д.Т.Әліпбаев

Емхана меңгерушісі

С.С.Усипбеков

Бас медбике

Г.С.Алиева

Мамандар бөлімінің басшысы

Ж.Ж.Алманова

Заңгер (комплаенс-офицер қызметі жүктелген)

Н.Ә.Садырбай

**ТО ДСБ ШЖҚ «Сарыағаш
аудандық орталық ауруханасы»
МКК басшысының м.а.**



Б.М.Сланов